

Асылдар туып, арыстар шыққан текті ел

Биыл бөрілі байрақ кетеріп, еркіндік аңсаумен
әткен батыр бабаларымыз Шақшақ Жәнібек
Қошқарұлының туғанына 330 жыл, Аманкелді
Иманов пен Кейкі Қекембайұлына 150 жыл. Сонымен
қатар, айтыс енерінің өрен жүйрігі, арқалы
ақын - Нұрхан Ахметбековке 120 жыл және қазақ
әдебиетіндегі талантты жазушылардың қатарынан
ойып орын алған, өзінің қысқа ғұмырында небір
өміршең туындыларды дүниеге келтірген жазушы
Ақан Нұрмановқа 90 жыл толып отыр.

Осыған орай, оқу залы
бөлімі «Асылдар туып, арыстар
шыққан текті ел» атты кітап
көрмесінің тұсау кесерін әткізді.
Жылдық көрменің тұсау кесер рәсімі Арқалық қаласының
құрметті азаматы, уздік өлкетанушы Шөптібай Байділдәүлі
мен айтыстың ақтангері Айбек
Қалиевке бұйырды.

Тарихы тамырлы, әткені
терен, Торғай елнің әткені
мен аты аңызға айналған пер-
зенттері жайында баяндала-
тын жылдық кітап көрмесінің
бірінші белімі «Ел тірері – Шақ-
шақ Жәнібек» деген тақырыпта
тарихи деректер мен ел аудын-
дағы үрпақтан үрпаққа ауды-
сып отырған шекіре, аңыз-әң-
гімелердің негізінде жазылған
кітаптармен қамтылған.

Данышпан жазушы Мұхтар
Әуезов «Жыр жалауы - Аман-
келді» деген мақаласында:
«Ер – ел тарихының белі» деген
бағалай келіп: «Ол тірісінде бір
танылады. Өзі әткен соң кейін-
гі үрпақ қадірін біліп, қасиетін
таныған сайын тағы таныла-
ды. Бір кезде бел көрінсе, келер
үрпақ тарихына өз түсінде
көрсетіп кеткен көмегімен, ор-
натып кеткен туымен, тастап
кеткен үлгісімен, нұқсан кеткен
бетімен, енді белғана емес, биік
түгір бол, асқар тау бол көрі-
неді», - дейді. Өскен ел, көркей-
ген ел мәңгі ұмытпас, Еске алар
әрқашанда ердін ерін дегендей,
1916 жылғы үлт-азаттық кө-
терілістің қайраткер қолбас-
шысы, батыр-сардар Амангелді
Имановтың ерлігі халық жа-



дында. «Ел бастап, тұлпар мініп, ту көтерген» атты көрмеміздің екінші белімінен оқырман қазақ халқының тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бірі 1916 жылғы үлт-азаттық көтерілісі жөнінде мағлұматтармен таныса алады. Соның ішінде «Батырдың биік тұлғасы» атты жинақтан халық батыры Аманкелді Имановтың өмірі мен қызметіне қатысты мақалалар мен фотокүжаттар берілген.

Аты аңызға айналып, ер-
лік істері үрпақ жадында қай-
та жаңғырған батырдың бірі
Кейкі Қекембайұлы. «Керемет
Кейкі деген батыр әткен» атты
бөлімдегі әдебиеттерде атақты

мерген, батыр Кейкі Қекембайұлының күрделі тағдыры мен тәуелсіздік жолындағы күресі, ата тегі туралы баяндалады. «Торғайдың топжарғаны Нұрхан ақын» атты көрмеміздің тортінші белімі – топтан озған Торғайдың дүлділ ақыны Нұрхан Ахметбековке арналып отыр. Әткен ғасырдың 60-жылдарында қайталанбас мәнерімен қазақ әдебиетінің табалдырығын аттаған, қасиетті қарт Торғайдың топырағынан нәр алған Ақан Нұрманов та – оқшау туған танымал тұлғалардың бірі. Жазушы Ақан Нұрмановтың 90 жылдығына арналған көрменің 5-ші белімі

«Болмысы бөлек текті талант» деп аталады.

Көрмеміздің ашылу салтанаты Олжас Қалановтың орындаудағы «Ер Торғай, еркін Торғай» әнімен әрленіп, Шақшақ Жәнібектің ерлігі мен батырлығы жөнінде тарихшы Гүлбаршын Конкина баяндалса, ел аудындағы әңгімелер мен зерттелуі жайында Шөптібай Байділдәүлі тарқатып айтып берді. Торғайдың топжарғаны Нұрхан ақынның шығармашылығына Айбек Қалиев тоқталып отті. «Ақан да аққан жұлдызы Арқадағы» өлеңін Сымбат Сейтмағамбетова нақышына келтіре орындалды.

Үрпақ алдындағы ұлы істердің бірі тұлғаларымызды тектеп, тұғырлы елдің тарихында қалдыру болса, елін қорғаған ер бабаларының әткенін білгісі келетін жастар үшін осы кітап көрмесінен қажетті деректер алады деген сенімдеміз. Кітап көрмесі жыл бойына қызмет көрсететін болады.

Сәуле АХМЕТҚЫЗЫ,
Арқалық қаласындағы №2
облыстық әмбебап
ғылыми кітапханасының
оку залы
бөлімінің меншерушісі